

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

**2023 ж. 11 қаңтарда жарияланды**

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары  
А.С.Көлгіновке**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

### Құрметті Алтай Сейдірұлы!

Қазақстан Республикасының Конституциясына сай, адам құқықтары мен еркіндігі ол өмірге келгеннен бастап заңнамалық негізде реттелген. Яғни, әр сәби мен кішкентай бала алаңсыз, қолайлы әрі сапалы ортада өмір сүріп, дамуға құқылы.

Мемлекет басшысы сайлауалды бағдарламасында балалардың өмір сүру және даму ортасын қалыптастыруды қамтамасыз ету бойынша міндеттер қойып отыр. «Аманат» партиясы бұл процессті үздіксіз жүзеге асырып келеді.

Бізді алаңдатқан жай – емшектегі сәбиі мен әрі кішкене балаларын ересектерге арналған әр түрлі көңіл көтеретін және демалатын орындарға алып жүретін ата-аналарды күнделікті өмірде жиі байқаймыз. Әсіресе, ішімдік ішілетін шулы мейрамханалар мен кальян шегетін кешкі барларға бүлдіршіндерді жиі алып барады. Ал бұл жағдай балалардың физиологиялық және психикалық дамуына теріс әсер етеді.

Мұндай орындарды айтпағанда дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, медицина қызметкерлерінің беделді қоғамдық бірлестіктері мен психотерапевтердің өзі дыбысы қатты ірі кинозалдар сәбилердің құлақ жарғағына қауіпті екенін айтады. Бұл балалардың құлағы естімей қалуына, әрі жүйкесіне зиян тиетінін, үрейлі синдром қалыптастыратынын ескертеді.

Бесік жырын тыңдап, бесікте тербелетін сәбилер бүгінде кафе-барлардың түтінін жұтып жүр. Тәрбие де осы бесіктен басталмай ма? Халқымыздың сан ғасырлық салт-санасын бұзумен қатар олардың конституциялық құқығын бұзып жүрміз. Бала – бәрімізге ортақ құндылық. Ендеше олардың денсаулығы, қоршаған ортасы, жан әлемі көздің карашығындай қарайтын маңызды аспектілер.

**Сондықтан осы мәселеге жіті назар аударып келесі ұсыныстарымыз қабылдансын:**

Мемлекет балалардың денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін қолданыстағы құқықтық-нормативті реттеу базасын қайта қарап, даму перспективаларына баға беріп кешенді түрде реттеу керек.

Сонымен бірге көңіл көтеруге арналған мекемелердің тарапынан да, ата-аналар жағынан да жауапкершілік танылып, өзара түсінушілік мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілуі керек.

Бұл мәселе тек үкіметтің ғана емес, азаматтық қоғамның да жауапкершілігі. Сондықтан да бұл іске бәріміз ат салысайық.

Жауапты жазбаша түрде, Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген мерзімде ұсынуды сұраймыз.

*Құрметпен,*  
**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,  
«АМАНАТ» партиясы  
фракциясының мүшелері**

**Ә. Әбсеметова  
М. Тәжмағамбетова  
Д. Әлімбаев  
А. Әлтай  
К. Авершин  
Д. Зәкиева**

**Қазақстан халқы Ассамблеясының  
депутаттық тобынан**

**Н. Дементьева**